

Қазақстан Республикасының
әділет Министрлігі

Занды тулғаның мемлекеттік
кәйта тіркеуі жүргізілді

200__ж. «__» _____

Тіркеу нөмірі 179-1904-06-МК

БСН 920140000361

Алғашқы тіркелген күні

2012 ж. 11. күржүйек

Облыс әкімдігінің 2019 жылғы
29 қаңтардағы № 22 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Әйтеке би көпсалалы колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Әйтеке би көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады.

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 10 шілдедегі № 240 қаулысы негізінде мемлекеттік мекеме мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны болып қайта ұйымдастыру арқылы құрылды.

3. Ақтөбе облысы әкімдігі мемлекет атынан кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Кәсіпорынның мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) Ақтөбе облысының білім басқармасы болып табылады.

5. Кәсіпорынның мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) Ақтөбе облысының қаржы басқармасы болып табылады.

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «**Әйтеке би көпсалалы колледжі**» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері:

030100 Қазақстан Республикасы,

Ақтөбе облысы,

Әйтеке би ауданы,

Комсомол селосы,

Ы.Алтынсарин көшесі 24.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы жазылған мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалған және Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілемелер егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мазмұны мамандықтар бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен регламенттелетін кәсіптік орта, қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру кәсіпорын қызметінің мәні болып табылады.

13. Мыналар кәсіпорын қызметінің мақсаты болып табылады:

1) нақты мамандық бойынша қажетті теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлайды;

2) білікті мамандарды даярлау сапасын еңбек нарығы мен өндіріс салаларының талаптарын ескере отырып тұрақты жетілдіріп отырады;

3) босатылған жұмыскерлерді және жұмыссыз тұрғындарды қайта оқытады және қайта даярлайды;

4) жұмыс істеп жүрген орта кәсіптік білімі бар мамандардың біліктілігін арттырады;

5) ұзартылған даярлықтың жеке оқу жоспары бойынша тереңдетілген кәсіби бағдарламаларды іске асырады;

6) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптасуына бағытталған сапалы кәсіптік білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасайды;

7) кәсіптік білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне тез бейімделуге септесетін жаңа технологияларды енгізеді және тиімді пайдаланады;

8) кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары мен өндірісті кіріктіреді.

14. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар және қосымша кәсіби білімі бар мамандарды даярлайды;

2) оқу шеберханаларында және оқу-өндірістік қызмет үрдісінде жасап шығарылатын оқу шаруашылығының өнімдерін өткізеді;

3) кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөнінде қызметтер көрсетеді;

4) ақылы негізде қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер көрсетеді;

5) арнайы курстар мен пәндер, мамандандырулар бойынша қосымша сабақтар беру жөнінде қызметтер көрсетеді;

6) мамандарды даярлау деңгейі үшін білім мазмұнының ең төменгі мөлшерін (біліктілік сипаттамалары, бірыңғай және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары) нақты анықтай отырып білім берудің мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

7) өз бейіні бойынша ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады, мамандарды даярлауды және қайта даярлауды жүзеге

асырады, тұрғындар арасында ғылыми-педагогикалық білімдерді таратуға, оның білімі мен мәдени деңгейінің өсуіне ықпал етеді, оқу- тәрбиелеу үдерісін жетілдіру жөніндегі отандық және шетелдік озық педагогикалық тәжірибені зерделейді және енгізеді;

8) кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және азаматтарға шарттар негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жұмыстарды атқарады және қызметтер көрсетеді;

9) жатақханада тұру жөнінде қызметтер көрсетеді.

15. Кәсіпорын мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының), немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не өзге уәкілетті тұлғалардың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

16. Мемлекеттік лицензиялауға қатысты қызмет лицензия болған кезде жүзеге асырылады.

17. Басшының кәсіпорынмен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті енбек міндеттемелерін бұзу болып табылады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәртіптік, және өзге жауапкершілікке әкеледі.

4. Білім беру үдерісін ұйымдастыру

18. Оқу орнына оқуға қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Білім алушылар мен кәсіпорын арасындағы қарым-қатынас кәсіпорын мен білім алушы ата-анасы немесе олардың заңды өкілдері арасында жасалатын білім беру қызметтерін көрсету туралы шартпен рәсімделеді.

20. Кәсіпорынның оқу-тәрбие беру қызметі мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорында даярлау мерзімі бойынша әртүрлі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша кәсіби білім беру және мамандарды қайта даярлау бағдарламалары іске асырылуы мүмкін. Оқу үдерісінің жұмыс жоспарларын және бағдарламаларын, күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту кәсіпорын құзыретіне жатады.

21. Кәсіпорында білім беру мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін: күндізгі, сырттай, кешкі білім беру, қашықтықтан оқыту және экстернат. Білім алудың әртүрлі нысандарын үйлестіруге жол беріледі.

22. Кәсіп немесе мамандық бейінінің ерекшелігіне байланысты жекелеген білім алушылармен жеке дара сабақтар өткізілуі мүмкін.

23. Кәсіпорында білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу, әдістемелік жұмыс, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру, сапасын жетілдіру мақсатында оқытушылар мен басқа қызметкерлерді біріктіретін

(педагогикалық және әдістемелік кеңестер мен әкімшілік кеңестер, кафедралар) құрылады.

24. Кәсіпорында білікті мамандарды даярлау, оларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жұмыс берушілермен, жұмыспен қамту қызметімен және азаматтардың өздерімен бірге айқындалатын кәсіптер (мамандықтар) және кәсіптер топтары бойынша жүзеге асырылады.

25. Кәсіпорында білім беру мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда жалпы білім беру стандарттарына сәйкес шетел тілдерінің біреуінде жүргізіледі.

26. Үлгерімді аралық аттестаттау мен ағымдық бақылау нысанын, тәртібін және кезеңділігін Кәсіпорын оқу жоспары мен бағдарламаларының негізінде әзірлейді жасалады және айқындайды.

27. Кәсіпорында білім беру уақытының кезеңіне оқу жылындағы 28-36 апталық оқу сабақтары жатады. Кәсіпорында оқу сабақтары 1 қыркүйекте басталады және нақты мамандық бойынша оқу үдерісінің кестесіне сәйкес аяқталады. Білім алушылардың жекелеген санаттарына сабақтың басталуы оқу топтарының жинақталуына қарай жұмыс берушілермен жасалатын шарттың негізінде белгіленеді.

28. Барлық аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жұмыстарын қоса алғанда, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 40 академиялық сағаттан аспайды. Білім алушылардың міндетті аудиториялық сабақтары теориялық білім беру кезінде аптасына 36 академиялық сағаттан аспайды.

29. Академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут, бір жұптың – 90 минут. Дайындықтың әрбір деңгейіндегі практиканың ұзақтығы 1 аптадан бастап 21 аптаға дейін. Оқу жылында каникул уақытының ұзақтығы 8-11 апта, соның ішінде оқу жылының ортасында кемінде 3 апта құрайды. Оқу жылында емтихандар мен сынақтар саны 6 және 8 аспайды.

30. Кәсіпорында оқу сабақтарының мынадай түрлері белгіленеді: сабақ, лекция, семинар, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы, өз бетінше жұмыс, консультация, практика, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс).

31. Білім берудің күндізгі нысаны кезінде оқу топтары мамандықтар бойынша саны кемінде 25 адамнан, ал сырттай оқу нысанында саны кемінде 15 адамнан жасакталады, өзге қаржыларды тартқан кезде және жергілікті білім басқармасының келісім бойынша оқу топтарын аз санымен жасактауға жол беріледі.

32. Зертханалық жұмыстар, практикалық және семинарлық сабақтар, соның ішінде дене шынықтыру бойынша және тізбесі оқу жоспарымен айқындалатын кәсіби білім берудің басқа пәндері бойынша шеберханаларда (полигондарда, шаруашылықтарда) сабақтар өткізу кезінде оқу топтарының саны кемінде 12 адамнан тұратын кіші топтарға бөлінуі мүмкін.

33. Кәсіпорында оқу-тәрбие үдерісін сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында даярлық курстары, оқу-өндірістік

шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімдері, мамандықтар топтары бойынша бөлімдер, филиалдары және басқа да құрылымдық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

34. Білім алушылардың сабақтар режимі оқытудың санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтай отырып тиісті мемлекеттік білім беру стандарттарының негізінде Кәсіпорынмен айқындалады. Кәсіпорында оқу сабақтары жекелеген Білім алушылармен жеке дара - шығармашылық нысандары бойынша жүргізілуі мүмкін.

35. Білім алушыларды өндірістік оқыту:

1) Білім алушылар оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар алу үшін;

2) кейін өткізу мақсатында өнеркәсіп өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды шығаруды ұйымдастыру, шеберханаға үшін құралдар-саймандар мен тетіктер, кабинеттер мен зертханалар үшін көрнекі құралдар мен аспаптар жасау үшін, сондай-ақ жабдықтарды, машиналар мен тетіктерді жөндеу үшін;

3) кәсіпорындарға, ұйымдарға мен тұрғындарға қосымша ақылы білім беру қызметтерін көрсету үшін теориялық оқуды өндірістік еңбекпен ұштастыра отырып жүзеге асырылады. көрсету.

36. Білім алушылардың кәсіптік практикасы практиканың базасы деп айқындалған ұйымдарда өткізіледі. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері және мазмұны оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады. Ұйымдармен келісім бойынша шарт негізінде ұйымдастырудың күнтізбелік кестелері бекітіледі. Шарттарда кәсіпорынның, білім алушылардың және практиканың базасы болып табылатын ұйымдардың міндеттері айқындалады.

37. Студенттердің білімдері мен дағдылары білім беру туралы құжатта мынадай бағамен айқындалады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «сынақ», «сынақтан өткен жоқ».

Студенттердің білімдері мен шеберліктерінің сәйкестігін тексеру оқу үдерісінің аралық кезеңінде жүзеге асырылады. Стипендия білімді бақылаудың барлық нысандарын қоса алғанда, емтихан, білімді аралық бақылау нәтижелері бойынша «жақсы», және «өте жақсы» баға алған мемлекеттік тапсырыс негізінде оқып жүрген студенттерге тағайындалады. Білім алушыларды келесі курсқа көшіру кезінде емтиханға шақырылмаған пәндер бойынша емтиханға шығарылмаған семестрлік қорытынды баға емтихандық бағаға теңестіріледі.

38. Білім алушыларды оқудан шығару, қайта алу және ауыстыру, соның ішінде Кәсіпорын ішінде, бір бөлімнен екінші бөлімге және оқудың бір нысанынан екінші нысанына, кәсіпорыннан басқа оқу орнына және кері ауыстыру, академиялық демалыс беру Қазақстан Республикас Білім және ғылым министрлігімен белгіленген ережелеге сәйкес жүзеге асырылады.

39. Емтихан сессиясы кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар барлық емтихандарды тапсырғаннан кейін белгіленген мерзімде қайта тапсыруға құқылы, олар дәлелді себептері болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

40. Емтиханды қанағаттанарлықсыз тапсырған ретте емтихан алушы бір оқытушыға құрамы үш оқытушыдан тұратын комиссия құрылады, ол бұдан әрі оқыту туралы шешім қабылдайды. Дәлелді себепсіз қатыспаған сабақтарды ақылы пысықтауға жол беріледі. Емтиханды екі пән және кәсіпорын оқу бөлімінің жолдамасы бойынша ғана қайта тапсыруға рұқсат беріледі. Бір емтиханнан алған қанағаттанарлықсыз деген бағаны немесе пәндер бойынша берешегін қайта тапсыруға 1 реттен артық рұқсат берілмейді.

41. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының ұсынымы бойынша қайта білім алуға қалдырылған білім алушыларға оқу тапсырмаларын орындауға, лекциялар курсың тыңдауға және сынақтардан өтуге және емтихандарды тапсыруға қажетті пәндер белгіленеді.

42. Білім алушылар кәсіпорыннан берген өтінішіне сәйкес өз еркімен, басқа оқу орнына ауысуына байланысты, дәрігерлік кеңес қорытынды анықтамасы негізінде денсаулық жағдайына байланысты, академиялық үлгермеген кезде, егер бұған дейін тәрбиелеу сипатында қабылданған шаралар нәтиже бермей, қасақана тәртіп бұзғанда, дәлелді себепсіз 36 сағаттан астам оқу сабақтарына қатыспағаны үшін шығарылуы мүмкін.

43. Оқудан шығару кезінде академиялық анықтама және жеке ісінде жатқан білімі туралы құжат түпнұсқасы беріледі. Кәсіпорыннан және басқа басқа оқу орындарынан өз еркімен және денсаулығының жағдайына байланысты шығарылған адамдарды кәсіпорында білім алуға қайта қабылдау білім алудың барлық нысандарына директордың бұйрығымен жүргізіледі. Кәсіпорыннан шығарылған адамдар шығарылған күннен бастап 10 жыл ішінде қайта қабылдануға құқылы.

44. Кәмелетке толмаған білім алушылар Кәсіпорыннан бұл мәселе кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия қарағаннан кейін шығарылады.

5. Ақылы қызмет көрсету тізбесі және тәртібі

45. Кәсіпорында білім алушыларды оқыту осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс бойынша бюджеттік қаржыландыру негізінде ақылы негізде жүргізіледі.

46. Кәсіпорын кәсіпорындармен, мекемелермен және жеке тұлғалармен шарт бойынша ақылы қызмет көрсете алады.

47. Кәсіпорын мынадай ақылы қызметтерді көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім беретін оқу бағдарламалары бойынша қызметтер көрсету;

2) пәндердің арнайы курстары мен циклдерін қосымша білім беру бойынша қызметтер көрсету;

3) репетиторлық (жекелеген білім алушылармен оқу жоспары бойынша жеке тәртіппен пәндер бойынша сағаттар санынан тыс қосымша сабақтар өткізу) қызметтер көрсету;

4) пәндерді Білім алушылармен қосымша тереңдетіп оқып үйрену бойынша (мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың тиісті білім беру бағдарламаларынан тыс) қызметтер көрсету;

5) үйірме қызметтерін ұйымдастыру бойынша (базистік оқу жоспарынан тыс)) қызметтер көрсету;

6) спорттық - бұқаралық іс- шараларды, төрешілік етуді, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету;

7) өзге де ақылы қызметтер көрсету (оқу-көмекші және қосалқы шаруашылықтардың өндірістік қызметі; оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімдерін өткізу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді өткізуден алынған қаржылар; тәрбиеленушілердің оқу- өндірістік шеберханаларда қосалқы шаруашылықтарда, кәсіпорындарда және басқа ұйымдарда атқарған жұмыстары үшін алынатын қаржылар).

48. Ақылы қызметтер көрсету тәртібі кәсіпорынның заңды және жеке тұлғалармен жасаған шарттарымен реттеледі.

49. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаржылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі №1102 қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесінде белгіленген мақсаттарға жұмсалады.

6. Білім беру үдерісіне қатысушылар

50. Білім алушылар, ата-аналар (және оларды ауыстыратын тұлғалар), педагог қызметкерлер білім беру үдерісіне қатысушылар болып табылады.

51. Кәсіпорын азаматтарды қабылдауды орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес белгілейді.

52. Кәсіпорынға Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ жалпы, жалпы орта, кәсіптік білімі бар адамдар заңнамада, халықаралық шарттарда, келісімдерде, сондай-ақ білім беру ұйымдарымен жасалған келісім-шарттарда белгіленген тәртіппен қабылданады.

53. Кәсіпорынға оқуға түсу кезінде:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек- балалар үшін;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін;

3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты казак адамдар үшін;

5) жетім -балалар және ата-аналарының камқорлығынсыз қалған балалар ды қабылдау үшін квотасы көзделеді.

Кәсіпорынға қабылдау мәселелерін шешу үшін кәсіпорында қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады, ол 1 маусымнан кешікпестен өз жұмысын бастайды.

54. Кәсіпорын азаматты оқуға қабылдау кезінде оны және (немесе) оның ата-аналарын немесе олардың заңды өкілдерін міндетті түрде Жарғымен, білім беру қызметін жүргізу құқық беретін лицензиямен және қабылдау тәртібі мен білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттеуші баска да құжаттармен таныстырады.

55. Қабылдау емтихандарының (тестілеу немесе емтихан билеттері және тапсырмаларды (сұрақтарды) пәндер бойынша емтихандарда бағалау мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында кәсіпорында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляция койылған тестілік балмен келіспеген ретте тестілік балл жарияланған күні берілуге тиісті.

56. Жеке меншік иесінің ауысуы не қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы, қайта құрылуы) еңбек қатынасының әрекетін қысқартпайды.

57. Кәсіпорында білім алушылардың құқығы:

1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім алуға;

2) оқу жоспарына сәйкес өзінің бейімділігі мен қажеттілігіне сай қосымша білімдік қызмет алуға;

3) Кәсіпорын кітапханасының ақпараттық қорын тегін пайдалануға;

4) жеке пікірі мен наымын еркін айтуға;

5) жедел әскери қызметке шақыруды Қазақстан Республикасының заңына сәйкес кейінге қалдыруға;

6) оқуды бос уақытында жұмыспен үйлестіруге;

7) қоғамдық көлікте (таксиден баска) жергілікті өкілетті органдардың шешімімен жеңілдікпен жүруге.

Кәсіпорында оқушылар жүзеге асырылып отырған заңдылық белгілеген, сонымен қатар Кәсіпорынның баска да ішкі құжаттарымен баска да құқықтарға ие.

58. Білім алушылар міндетті:

1) мемлекеттік жалпыміндетті білім стандарты көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыны меңгеруге, ішкі тәртіп ережесін сақтауға, Кәсіпорын Жарғысында қаралған баска да талаптарды орындауға;

2) өз денсаулығын аялау, рухани және денені шыңдай түсуге тырысу;

3) Кәсіпорында белгіленген ережеге сәйкес сабаққа таза киініп келу, киімнің бірыңғай формасын сақтау (жоғары жағы ашық түсті, төменгі жағы қоңыр).

4) шынай ықыласпен оқу және Кәсіпорын мүлкіне қамқоршылықпен қарау;

5) Кәсіпорынның басқа білім алушылар мен қызметкерлерінің ұлттық, жалпы адамдық, рухани-адамгершілік құндылық пен қадыр-қасиеттерін сыйлау;

6) Кәсіпорын қызметкерлерінің талаптарын оның ішінде, Жарғыға қатысты және ішкі тәртіп ережелері мен олардың дағдыларын орындау мақсатында білім беру ұйымына алып кіруге және қолдануға болмайтын заттар тізбесі:

1. Қарулар:

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/ көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар.

2. Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар:

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;

- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал-саймандар.

59. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру:

1) біліктілігін арттыру қызметкерлердің қызметтік міндеті болып табылады. Олардың лауазымдық орын ауыстыру, еңбек ақысына тиісті мөлшер белгілеу біліктіліктері артыруларына және кәсіби даярлықтарының нәтижелеріне тікелей байланысты.

2) қызметкерлердің қосымша кәсіптік білім беру өзінің білімін жетілдіру, білім беретін мекемелерде білім алуды, кәсіпорындар мен ұйымдарда машықтанудан өтуді, тақырыптық және проблемалық семинарлар жұмыстарына қатысуды үйлестіру жолымен жүзеге асырылады;

3) қызметкерлердің біліктілігін арттыру тұрақты негізде жүзеге асырылады. Қызметкерлердің біліктілігін арттырудан және қосымша кәсіптік білім алудың басқа түрлерінен өту кезеңділігін кәсіпорын директоры белгілейді.

7. Кәсіпорынды басқару

60. Ақтөбе облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен оған жүктелген басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

61. Тиіс саланың уәкілетті органы Кәсіпорынға қатысты мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

7) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

62. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

3) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

63. Директор кәсіпорын органы болып табылады.

64. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

65. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы рәсімдейді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі бекіткен шарттардан басқа еңбек шартында Кәсіпорын басшысының таза кірістің бекітілген бөлігінің бюджетке уақытында аударылмағаны үшін жауапкершілігі бекітіледі.

66. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

67. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

68. Директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

69. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбек ақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарларын қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8. Кәсіпорын мүлкі

70. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілген Кәсіпорынның активтері құрайды.

71. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар), бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

72. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптасатырылады.

73. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

74. Егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, шаруашылық жүргізу құқығына және жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығына және өзге де заттық құқыққа ие болу және оны тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

75. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

76. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше көзделмесе, Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы немесе оны

жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлік оның балансына бекітіп берілген кезде пайда болады.

77. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу, сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

78. Кәсіпорын мүлкін жедел басқару құқығы осы жарғының 41,42-баптарында көзделген реттерде жеке меншік құқығы тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негізде және тәртіппен тоқтатылады.

79. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органымен келісе отырып кәсіпорынның жедел басқару құқығындағы мүлкін алып қоюға немесе өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

80. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілеуге құқылы.

81. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітіліп берілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

9. Кәсіпорын іс-әрекетінің қызметін қаржыландыру

82. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

83. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табыстының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

84. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

85. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен белгілейді.

86. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған т. сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп

қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, олар алып қоюға жатады.

10. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы

87. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін мүлік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

11. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

88. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына жүзеге асырылады.

12. Кәсіпорын жауапкершілігі

89. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлігі тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

13. Еңбек ұжымымен өзара қатынасы

90. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және мен ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

91. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

92. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

15. Кәсіпорынды қайта құру және тарату

93. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Ақтөбе облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

94. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Ақтөбе облысының әкімдігі жүзеге асырады.

95. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің.

16. Жарғыға өзгеріс және толықтырулар енгізу тәртібі

96. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Ақтөбе облысы әкімдігі енгізеді немесе бұған облыстық коммуналдық мүлікпен билік жүргізуге уәкілеттік берілген облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органға уәкілеттік береді.

17. Филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер.

97. Колледж Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады.

«Әйтеке би көпсалалы колледж»
МКҚК директоры



А.С.Канымбаев

Жарғыда 32 (отыз екі) бет

тігілі және мөрленді

